

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 470х Қаулысы
Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 72-7-қосымшада :

7 - т а р м а қ т а :

" Т і к е л е й н ә т и ж е д е " :

"52 дана спорттық мүкәмалмен жабдықтар сатып алу." деген сөздерден кейін
мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Ұлттық штаттық командалар дирекциясы үшін 2 шағын автобус сатып алу."; "кереует - 20 дана), компьютер - 2 дана" деген сөздер "кереует - 24 дана, үстел - 10 дана, жұмсақ жиһаз - 2 жиынтық), компьютер - 3 бірлік, тұрмыс техникасы кемінде 7 дана, сейф - 1 дана" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы